

Қарағандыдан
басталған
қанатты жоба



2-бет

Масылдық психологияны
мақсатты қолдау жеңеді



3-бет

Көп оқыған
озады



8-бет

Тегін тамақ, тең мүмкіндік

Мемлекет басшысы білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі ретінде балаларды сапалы әрі қауіпсіз тамақпен қамтамасыз етуге ерекше мән беріп келеді. Осы бағыттағы жұмыстар облыста да жүйелі түрде жалғасып, оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. Биыл өнірде 72 мыңнан астам оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

 Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баланың білім алуы үшін оның мектептегі қауіпсіздігі мен жайлы жағдайы ғана емес, дұрыс тамақтануы да маңызды. Сондықтан, мектептегі тамақтану жүйесін жетілдіру – әлеуметтік қолдаудың ғана емес, өскелең ұрпақтың денсаулығы мен оқу үлгеріміне әсер ететін маңызды бағыттың бірі. Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында елімізде бастауыш сынып оқушыларын тегін тамақпен қамтамасыз етуге басымдық беріліп, әлеуметтік осал санаттағы балаларға да мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

– 2026-2027 оқу жылында облыста 72 мыңнан астам оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 67 мыңнан астамы – бастауыш сынып оқушылары, ал, 5 мыңнан астамы – әлеуметтік осал санаттарға жататын жоғары сынып оқушылары. Бұл көрсеткіш мектеп жасындағы балаларды әлеуметтік қолдаудың маңызды тетіктің бірі қалыптасқанын көрсетеді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының барлығын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ата-ана-



ларға түсетін әлеуметтік және қаржылық салмақты азайтып, балалардың мектепте толыққанды тамақтануына мүмкіндік береді, – деді облыстық білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Құндыз Мұхамеджан.

Тегін тамақтандыру жүйесі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды да қамтиды. Бұл ретте жоғары сынып оқушыларының тиісті

санатқа жататыны ақпараттық жүйелер арқылы расталады. Балаларды тегін тамақпен қамтамасыз етуге бөлінетін қаражат көлемінің ұлғаюы да осы бағытқа көрсетіліп отырған басымдықтың бір көрінісі.

2026 жылы Қарағанды облысында оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жергілікті бюджеттен 8,3 млрд теңге бөлінді. Ал, 2025 жылы 7,6 млрд теңге бағытталған болатын. Осылай-

ша, бір жыл ішінде тегін тамақтандыруға бөлінген қаржы 700 млн теңгеге артты. Бюджет қаражатының өсуі балаларды тегін тамақпен қамту ауқымын сақтауға ғана емес, мектептердегі тамақтану жағдайын жақсартуға да мүмкіндік береді. Мектеп оқушылары үшін тегін тамақтың қолжетімді болуы ғана емес, оны ұйымдастыруға қажетті жағдайдың жасалуы да маңызды.

► 4-бет

• РЕСМИ

Маңызды өзгеріс

Жылжымайтын мүлікке қатысты мәміле жасайтын азаматтар үшін жаңа тәртіп енгізілді. 8 қыркүйектен бастап мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару және кепілге беру туралы шарттарды енді нысан орналасқан жердегі нотариус қана құзландыра алады.

Бұл өзгеріс «Нотариат туралы» заңның 54-бабында бекітілген. Тиісті түзетулер 2026 жылғы 8 шілдеде қабылданған заңмен енгізіліп, құжат жарияланғаннан кейін 60 күнтізбелік күн өткен соң, яғни, 8 қыркүйекте күшіне енді.

Бұдан былай жылжымайтын мүліктің орналасқан жері мәмілені құзландыратын нотариустың қызмет аумағын айқындайды. Яғни, пәтер, үй немесе өзге де жылжымайтын мүлік қай жерде орналасса, мәмілені рәсімдеу үшін сол аумақтағы нотариуска жүгіну қажет.

Мәселен, Қарағандыдағы пәтерді сату немесе сыйға тарту туралы шарт Қарағандыдағы нотариуста рәсімделуі тиіс. Басқа қаладағы нотариуска жүгініп, мұндай мәмілені рәсімдеу енді мүмкін емес.

Заңдағы өзгерістер нотариустың аумақтық қызмет шекарасын да нақтылайды. «Нотариат туралы» заңның 20-бабына сәйкес, нотариаттық округ бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың аумағын қамтиды. Ал, 21-бапқа енгізілген өзгерістер бойынша 54-бапта қарастырылған нотариаттық әрекеттер де аумақтық шектеулер сақталатын әрекеттер тізіміне енгізілді.

Өз тілшімізден

• ӨЗЕКТІ

Балалар аккаунты бақыланады

Елімізде 16 жасқа толмаған балалардың әлеуметтік желілерде жеке аккаунт ашуына тыйым салу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова мәлімдеді.

Тиісті заңнамалық өзгерістер Оқу-ағарту, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің бірлескен жұмысы нәтижесінде әзірленген.

Министрдің сөзінше, бұл бастама балалардың әлеуметтік желілерде тұтынатын контентіне қатысты жүргізілген зерттеулерден кейін ұсынылыпты. Қазіргі таңда балалар қысқа видеоларды көп қарайды. Мұндай контент олардың зейініне, ақпаратты қабылдауына және жалпы дамуына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, кейбір материалдардың балалардың құқықтық және моральдық тұрғыдан қалыптасуына кері ықпал ететіні айтылды.

Бұл ретте мәселе аккаунт ашумен қатар, балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мен қандай контентке қол жеткізетініне де қатысты.

Алайда, әзірге бұл талап заң жүзінде бекітілген жоқ. Министрдің айтуынша, ұсынылған өзгерістерді Құрылтай депутаттарымен талқылау жоспарланған.

Өз тілшімізден

Отбасы – ортақ жауапкершілік

«Үйлену оңай, үй болу қиын». Қазір үйлену де оңай, ажырасу да оңай болып тұр. Ресми статистикаға сүйенсек, былтыр елімізде 45 мыңнан астам шаңырақ шайқалыпты. 1000 адамға шаққандағы жылдық ажырасу коэффициенті 2,24-ке жетті. Нақты өмірлерге келетін болсақ, ажырасу бойынша Павлодар көш басында. Ал, Қарағанды екінші орында. Мамандардың дерегінше, бүгінгі қоғамда ажырасуға итермелейтін себеп көп. Баспана, несие, материалдық жағдай. Бұлардан бөлек, жас жұбайлардың арасына қайын жұрттың жөнсіз араласуы да бар. Бұлар – жиі кездесетін себептер. Тізе берсеңіз, баршылық. Бүгінде жағымсыз статистиканы төмендету үшін мемлекет тарапынан нақты әрекеттер жасалып жатыр. Отбасын қолдау орталықтары негізгі тетікке айналды. Орталықтар жастарға «отбасылық өмірге қалай дайындалу керек?» деген сауалға жауап табуға көмек беруде.

 Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығында отбасы институтын нығайту, жастардың некеге және отбасылық құндылықтарға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру мақсатында «Некеге дейін: 10 маңызды әңгіме» тақырыбында некеге тұруды жоспарлап отырған жастар мен ерлі-зайыптылар үшін практикалық тренингтер жиі ұйымдастырылады. Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығының директоры Аида Исакова тренингтерде қозғалатын тақырыптар жастар үшін өте өзекті екенін айтты.

– Екі жастың үйлесімділігі, яғни, ресми некеге дейін қарым-қатынастары басты назарға алынады. Отбасын құру контекстінде серіктестердің психологиялық, эмоци-

оналдық, интеллектуалдық және тұрмыстық деңгейлерде бір-біріне қаншалықты сәйкес келетінін талдау да маңызды. Талдауға биоритмдердің, темпераменттердің үйлесімділігі және бір шаңырақта ұзақ уақыт бірге болу қабілетінің сәйкес келуі кіреді. Содан кейін, отбасылық құндылықтар. Жұптағы әр серіктестің өзіндік қалыптасқан жасырын «зандар жиынтығы» болады. Құрылатын отбасының сәтті болуы үшін неке туралы идеяларды саналы түрде талқылау және салыстыру керек. Жастар үшін не маңызды екенін анықтап алу керек. «Мансап па, жайлылық па, адалдық па, дәстүр ме, дін бе?» деген сауалдар ашық қойылуы тиіс, – деді Аида Исакова.

Орталық мамандары тренингте міндетті түрде ашық талқылануы тиіс басқа да мәселелер қамтылатынын айтты. Мәселен, «роман-



тикадан кейінгі шынайы өмір». Мамандардың айтуынша, шаңы-

рақ көтеруге дайындық тек сезім мәселесімен шектелмеуі керек.

► 3-бет

Қарағандыдан басталған қанатты жоба

Қарағанды облысынан бастау алған «Кітап оқитын ұлт» жобасы республикаға жол тартты. Осылайша ауқымды ұлттық жоба еліміздің түпкір-түпкіріндегі кітапсүйер оқырмандарды біріктірмек. Алғаш бастаманы қолға алған облыс әкімінің орынбасары Әлібек Үсенұлы әлеуметтік желідегі парақшасында жобаның екінші маусымы басталғанын хабарлады. Оқырман назарын кітап оқудың маңыздылығына аударып, жақсы кітапқа қайта оралу адамның жаңаша ойлауына мүмкіндік беретінін атап өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Кейбір кітаптарды араға жылдар салып қайта оқыған сайын, бұрын байқамаған жаңа қырын ашасың. Джордж Фридманның «Келесі 100 жыл: XXI ғасыр оқиғаларына болжам» кітабы — өзім сүйіп оқитын, ара-тұра қайта оралып отыратын шығармалардың бірі. Автордың сонау 2009 жылы жасаған болжамдарын бүгінгі әлемде болып жатқан оқиғалармен салыстыру әрдайым қызық. Мәселе оның болашақты қаншалықты дәл болжағанында да емес. Бұл кітап жекелеген оқиғалардың ар жағындағы ұзақ мерзімді үдерістерді аңғарып, олардың өзара байланысын саралауға үйретеді. Жақсы кітапқа қайта оралуымыздың бір себебі де осында шығар. Уақыт өзгереді, өзіміз де өзгереміз. Соған қарай таныс кітаптың өзі басқа қырынан ашылады. Кітап оқу тек білім көкжиегін кеңейтіп қоймайды, ойлануға, салыстыруға, өз пайымыңды жасауға дағдыландырады. Кітап оқу жеке адамның әдетінен



басталғанымен, оның әсері тұтас қоғамға тарайды. Сондықтан, былтыр Қарағанды облысында басталған «Кітап оқитын ұлт» жобасының биыл ауқымын кеңейтіп, бүкіл елге жол тартқаны қуантады, — деді Әлібек Үсенұлы.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, жобаның алғашқы маусымында белгіленген санаттардан тыс қатысқысы келген оқырмандар да көп болған. Осылайша, алғашқы маусым кітап оқуға деген қызығушылықтың белгіленген санаттармен шектелмейтінін көрсеткен. Байқауға қатысуға ниет білдіргендердің арасында әртүрлі сала өкілдері мен жасы үлкен оқырмандар да болған. Бұл жобаға деген сұраныстың жоғары екенін аңғартты.

— Бірінші маусымның өзін-

де байқауға қатысуға ниетті жандар біз белгілеген санаттардан әлдеқайда көп екені байқалды. Тіпті, мекемелердің бірінде тазалыққа жауапты апайларымыз мемлекеттік қызметшілерге арналған 15 кітапты түгел оқып, квиз тапсыруға келген жағдай да болды. Алайда, байқау шарты бойынша оларды қатыстыру мүмкін болмады. Әскери қызметшілерден де, жасы үлкен оқырмандардан да өтініштер түсті, — деді Әлібек Үсенұлы.

Осыған байланысты, биыл жобаға жаңа санат қосылды. Жоба авторының пікірінше, мақсат — тек көп кітап оқитын адамды анықтау емес.

— Сондықтан, биыл мамандығы мен қызмет саласына қарамастан бақ сынауға мүмкіндік

беретін «Зияткер оқырман» деп аталатын жаңа санат пайда болды. Осы арқылы кітап оқуға ниетті, бірақ, бұрын ешбір санатқа кірмей қалған оқырмандарға да жол ашылды. Осылайша, «Кітап оқитын ұлт» атауының аясы да кеңейіп, жоба шын мәнінде бүкіл елді қамтитын бастамаға айналып келеді. Оның басты мақсаты кімнің көп кітап оқығанын анықтау ғана емес. Оқығаныңды талқылау, пікір алмасу, салыстыру, өз ойыңды айту күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналса, одан ұтарымыз әлдеқайда көп, — деді Әлібек Үсенұлы.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысы да кітап оқудың маңызы туралы ерекше атап өтті.

— Мемлекет басшысы бір сөзінде: «Кітап оқу керек. Өйтпе-

се, зейнет жасына жеткенше адамның қажетті когнитивті қабілеттері жоғалуы мүмкін» деген еді, — деді ол.

Қазіргі қысқа контентке негізделген ақпараттық ортада кітап оқудың маңызы арта түскен. Кітап оқуды уақытша науқан емес, адамның ойлау қабілетін сақтап, интеллектуалды серектігін қалыптастыратын тұрақты әдет ретінде қарастыру маңызды. Осы ретте Әлібек Үсенұлы Мемлекет басшысының кітап оқудың адам сана-сына әсері туралы айтқан пікіріне тоқталды.

— Президент бұл сөзді мемлекеттік қызметшілерге айтқан болатын. Бірақ, кітап оқудың адамға берері қызмет пен мамандыққа байланысты емес. Қысқа мәтін, қысқа видео мен дайын мазмұнға үйреніп бара жатқан заманда көлемді дүние оқуға ден қою, оны талдау және өз бетінше қорытынды жасау қабілетінің маңызы арта түсті, — деді ол.

Жоба авторы «Егер «Кітап оқитын ұлт» кітап оқуды күн сайын жаңалықтар лентасын ашқандай үйреншікті әдетке айналдыруға септігін тигізсе, жобаның ең үлкен жетістігі де сол болмақ. «Кітап оқитын ұлттың» екінші маусымы кітапты жақсы көретін барша оқырманға жол ашады. Жаңа маусымда жүздескенің!», — деді. Сондай-ақ, «Кітап оқитын ұлт» бастамасының ең үлкен жетістігі кітап оқуды күнделікті әдетке айналдыру екенін тағы бір еске салды.

Жобаның екінші маусымында оқырман қатары көбейетініне сенім мол. Оқырман көбейсе, кітап оқу да күнделікті дағдыға айнала бастайды деген сөз. Өйткені, кітапқа жақын қоғам — ойы сергек, пайымы терең қоғам.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Соқырдың арнасы тазартылды

Қарағандыда су тасқынының алдын алу мақсатында Соқыр өзенінің арнасын ретке келтіру жұмыстары басталды. Қазір өзеннің ұзындығы 23 шақырымды құрайтын бөлігінде арна кеңейтіліп, тереңдетіліп, қоқыс пен қалың өскен өсімдіктерден тазартылып жатыр.

Жұмыс мұсылман зираты орналасқан аумақтан басталып, әуежайға апаратын жолдың бойымен Федоров саяжайлары бағытына дейінгі аралықты қамтиды. Мамандар өзен арнасын басып қалған тал-тоғай мен қамысты отап, жиналған қоқысты шығарып, жекелеген учаскелерді аршып жатыр. Сонымен қатар, арнаның түбі тереңдетіліп, су жүретін аумақ кеңейтілуде.

Мұндағы мақсат — өзеннің су өткізу қабілетін қалпына келтіру. Арна тазарып, кеңейген сайын көктемгі су тасқыны кезінде судың келергісіз өтуіне мүмкіндік артып, өзен маңындағы аумақтарды су басу қаупі төмендейді. Бұл жұмыс, әсіресе, Соқыр өзеніне жақын орналасқан саяжай иелері үшін маңызды. Осы күнге дейін көктемгі су деңгейі көтерілген кезде саяжай учаскелерін су басу қаупі тұрғындарды алаңдатып келген. Жоба екі жылға есептелген. Осы уақыт аралығында өзеннің проблемалы учаскелерін кезең-кезеңімен ретке келтіру көзделіп отыр.

Өз тілшімізден

Саяқта жол жаңарады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдімекендердегі инфрақұрылымды жаңғырту, халыққа қолайлы жағдай жасау және жолдардың сапасын арттыру мәселелеріне үнемі баса мән беріп келеді. Осы бағыттағы тапсырмалар мен міндеттерді жүзеге асыру аясында Балқаш қаласына қарасты Саяк кентінде де автомобиль жолдарын жанарту жұмыстары қолға алынууда.



— Саяктағы көше жолдарының жағдайын жақсарту — басты назардағы мәселенің бірі. Бес көшенің жөндеуге енгізілуі — кент үшін аса маңызды қадам. Жұмыстардың сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуына бақылау жүргізілуде. Жол-



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда кенттің бірден бес көшесінде — Болашақ, Ғарышкерлер, Жібек жолы, Балқаш және Саялы көшелерінде автомобиль жолдарына орташа жөндеу жүргізіліп жатыр. Жоба екі жылға жоспарланған. Жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Биыл мердігер ұйым асфальт жабындысын фрезерлеу жұмыстарын бастап, жолдарды жанартуға қажетті дайындық шараларының кешенін жүргізуде. Ал, жөндеудің негізгі бөлігі келесі жылға жоспарланған. Жобаға енген көшелердің тиісті учаскелеріне жаңа асфальт қабаты төселіп, жол жабыны заман талабына сай қалыпқа келтірілмек.

дың жаңаруы тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлылық әкеліп қана қоймай, көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырады деп сенеміз. Басты мақсатымыз — Саяқтың көше-жол инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жақсартып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру, — дейді кент әкімі Нұрлан Құдайберлин.

Айта кетейік, Саяктағы бұл жоба аяқталған соң аталған көшелердің жол жабыны жаңарып, кенттің жалпы көрінісі де ажарлана түспек. Ең бастысы, тұрғындардың күнделікті қатынауына қолайлы жағдай жасалып, көше-жол инфрақұрылымының сапасы артады.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Жылыту маусымына дайындық қызу

Теміртау қаласының тіршілігін қамтамасыз ету нысандарын алдағы қысқы жылыту маусымына әзірлеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Жалпы қаладағы осы даярлық жұмыстарына барлық қаржы көздерінен 40 миллиард теңге жұмсау жоспарланған. Соның ішінде 2-ЖЭС пен «Qazmeb» АҚ негізгі жабдықтарын жөндеуге 9 миллиард 862 миллион теңге қарастырылыпты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда осындағы 4 қазандық пен 3 құбыр генераторы жұмыс істеп тұрса, 2,4 қазандықтар резервке қойылған.

Сонымен жылыту маусымы басталғанша 6 қазандық та дайын болып, қаланы толығымен жылытуға жетеді.

Осы науқанда КарГРЭС-1-дің негізгі жабдықтары да 3 миллиард 323 миллион теңгеге жөнделмек.

Өткен шілде айында осындағы 10-казандық күрделі жөндеу үшін тоқтатылып, мердігер ұйым «Юнимакс» ЖШС іске кіріскен. Ол жұмыстар жылыту маусымына дейін аяқталады деп күтілуде. Яғни, ол басталғанша станциядағы 3 қазандық агрегатты да сақдай сай болатын түрі бар.

Биыл Теміртау қаласы бойынша 5,3 миллиард теңгеге 26,83 шақырым жылу тораптарын жөндеу көзделген екен. Бүгінге дейін содан 19,83 шақырымы (74 пайызы) жөнделген.

Ұлттық жоба аясында «Алия Сервис» ЖШС биыл жылу тораптарын жаңғыртудың бірінші кезегінің 4 жобасын жүзеге асыруда.

Қазіргі уақытта 2-ықшам ауданы бойындағы Металлургтер даңғылында жылу магистралін жаңғырту жөніндегі жұмыстар аяқталуға жақын.

Бұдан бөлек 2-Жылу-энергия орталығынан диаметрі Ду-1200 мм негізгі жылушығарғышты қатарынан төсеу ісі басталды. Ұзындығы 6 шақырым болатын



жоба екі кезеңмен жүзеге асырылмақшы.

Осы жылы ұзындығы 3,5 шақырымдық бірінші кезең бойынша жұмыстар жалғаса түседі. Жоспарланған шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс қыс ішінде жүргізілетін көрінеді. Қазірде нысан басына 2,8 шақырым құбыр жеткізілген. Аталған жобаны аяқтау 2027 жылға жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда бірінші кезеңнің жобалауы аяқталу сатысында. Оны осы 15 қыркүйекке дейін бітіріп, одан кейін жобалық-сметалық құжаттамасы мемлекеттік сараптамадан өтуге жіберілетін болады. Сонымен, бір мезгілде екінші кезеңді жобалау жұмыстары да жүргізіліп жатыр.

Биыл қаланы ауыз сумен сапалы және үзіліссіз қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінуде. Аталған жоба аясында ұзындығы 27 шақырым «Қарағанды-Теміртау» судайырығын жаңғыртудың маңызды жобасын жүзеге асыру басталды. Сол үшін МЭКС желісі арқылы 8,7 миллиард теңге көзделіп, бүгінге дейін соның 3,2 миллиард теңгесі түскен. Сондықтан, биыл көзделген жұмыстардың бір бөлігін орындау жоспарда. Жобаны толық аяқтау мен нысанды пай-



далануға беру 2027 жылдың шілдесіне белгіленген.

Кешегі күнге дейін жоспарланған 5,81 шақырым су өткізгіш тораптардың 4,71 шақырымы жөнделіп біткен.

Жоспарлы 2,94 шақырым кәріз жүйелерінің 2,29 шақырымының немесе 77 пайызының жұмыстары орындалыпты.

Электр желілерінің белгіленген 8,86 шақырымының 6,71 шақырымында немесе 75 пайызында да шаруа тәмамдалған.

Сондай-ақ, трансформаторлық қосалқы станциялардың жөндеуі де жалғасуда. Осындай 15 нысанда жоспарланған жұмыстар 11-інде немесе 73 пайызында аяқталды. Әлеуметтік-тұрмыстық,

мәдени нысандарды (жоспар 83, нақтысы 75) көпқабатты үйлерді (жоспар 1191, нақтысы 875) қысқа әзірлеу тиісінше 90,4 және 74 пайыз орындалып отыр.

— Тұтастай алғанда, жағдай үнемі бақылауда, — дейді осы орайда Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қыдырбеков. — Инженерлік тораптардың жөндеуі мен әлеуметтік сала нысандарын және тұрғын үй қорын алдағы жылыту маусымына әзірлеу жұмыстары белгіленген кестемен қызу жүргізілуде.

ТЕМІРТАУ

Суреттер
ұйымдастырушылардан

Масылдық психологияны мақсатты қолдау жеңеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарының әл-ауқатын арттыруды, халықты тұрақты жұмыспен қамтуды және әр отбасының табысын еселеуге жағдай жасауды үнемі басты назарда ұстап келеді. Экономикалық өсімің түпкі мәні ел тұрғындарының тұрмысынан көрінуі керек екенін алға тартады. Облыста бұл бағыттағы жұмыстар нәтижелі атқарылуда. Жыл басынан бері 22 мыңнан астам тұрғын жұмысқа орналасса, мыңдаған адам жана мамандық менгеріп, кәсіп бастауға мүмкіндік алды. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға, жастарға, мүгедектігі бар адамдарға және қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсету тетіктері де жетілдіріліп келеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табысты еселейтін мүмкіндіктер

Президент айқындаған әлеуметтік саясаттың негізгі бағытының бірі – азаматты тұрақты табысқа жеткізу. Облыста биылғы Жұмыспен қамтудың өңірлік картасы осы мақсатқа бағытталған.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынған дерек бойынша, қазірдің өзінде 28,3 мыңға жуық адам жұмыспен қамту шараларына тартылып, 22 609 адам нақты жұмысқа орналастырылды. Оның ішінде 8,3 мың жана жұмыс орны, 7,4 мың бос жұмыс орны және жұмыспен қамтудың басқа шаралары арқылы орналасқан 6,8 мың адам бар.

Жұмысқа орналасқандардың 11 898-і – жастар. Себебі, еңбек жолын уақытында бастаған жас – ертең тұрақты табысы бар маман. Ал, оның табысы – отбасы бюджетінің бір бөлігі.

Өңірдегі жұмыссыздық деңгейінің 4 пайыз болуы да еңбек нарығындағы жағдайдың тұрақты екенін көрсетеді. 2026 жылдың екінші тоқсанында бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өзгермеген және республикалық деңгейден төмен. Жыл соңына дейін жұмыспен қамту шараларымен 27 510 адамды қамту жоспарланған.

Бірақ, бүгінгі еңбек нарығында жұмыс орнының болуы жеткіліксіз, сол жұмысқа сәйкес білімі мен дағдысы бар адам керек. Сондықтан, қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 535 адам жіберілді. Бұл – жоспардың 88 пайызы. Оның 94-і жұмыс берушінің өз жұмыс орнында білім алып жатыр. Ал, SkillsEnbek платформасында онлайн оқып жатқан тұрғындар саны 2 704 адамға жетті.

Мысалы, Германиядағы дуальды оқыту жүйесі студенттің теориялық білімін нақты кәсіпорындағы тәжірибемен қатар алып жүруіне негізделген. Яғни, адам мамандықты «жұмыс іздеп жүріп» емес, еңбек процесінің ішінде менгереді. Қарағандыдағы жұмыс берушінің жұмыс орнында оқыту тетігінің маңызы да осында. Маманды нарықтың нақты талабына бейімдеу.

Өз ісін бастағысы келетіндерге де жол ашық. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 2 404 адам кәсіпкерлік негіздерін оқып шыққан. Әлеуметтік осал санаттағы аза-



маттарға 164 грант беріліпті.

– Біз азаматтарға жұмыс табумен қатар, өз ісін ашуға қажетті дағдыларды менгеруге мүмкіндік береміз. Әлеуметтік осал санаттағы азаматтар гранттарға да үміткер бола алады. Бүгінгі таңда 164 грант берілді, – дейді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғалымжан Спабеков.

Еңбекке қабілеттілік жаспен де өлшенбейді. Аймақта зейнет жасындағы азаматтарға арналған «Алтын жас» жобасы іске асырылуда. Оған 702 адам тартылды. Жоба аясында жұмыс берушіге белгіленген еңбекақының 50 пайызы, бірақ 1 АЕК немесе 85 мың теңгеден аспайтын мөлшерде субсидия беріледі. Мұндай тәсілдің әлеуметтік мәні терең. Тәжірибелі маманның еңбек нарығында қалуы – бір адамның табысын сақтау ғана емес, оның жинаған кәсіби тәжірибесін кейінгі буынға беру деген сөз.

Әлеуметтік көмек тығырықтан шығарады

Мәселе жәрдемақы төлеумен шектелмейді. Негізгісі – азамат қиындыққа тап болғанда оны дер кезінде байқап, дұрыс бағыт көрсету. Бұл тұрғыда облыста отбасыға қолдау көрсетудің жана тетіктері қалыптасып келеді.

Өңірде 12 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Мұнда тұрғындарға құқықтық, психологиялық, әлеуметтік, білім беру және басқа да бағыттар бойынша көмек көрсетіледі.

Бұл үшін білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары мен әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласының өкілдері қатысатын мобильді топтар құрылған.

Азамат орталыққа өзі жүгінсе, Цифрлық отбасы картасындағы деректер негізінде отбасының әлеуметтік портреті жасалып, жеке көмек жоспары әзірленеді.

Бүгінде Отбасын қолдау орталықтары мобильді қосымша арқылы 1 156 кеңес беріп, мемлекеттік органдарға 698 іс жолдаған. Ал, мемлекеттік органдардан орталықтарға 543 хабарлама келіп түскен. Оның 484-і өмірлік қиын жағдайға, 59-ы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты.

Атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының азаюы да назар аударуға тұрарлық. 2026 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 3 351 адам атаулы әлеуметтік көмек алған. Былтыр осы кезеңде бұл көрсеткіш 3 570 адамды құраған еді. Осылайша, әлеуметтік көмек алушылар саны 219 адамға, ал, көмек алатын отбасылар саны 37-ге азайған. Бұл өзгеріске кейбір отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруы және оларды жұмыспен қамту шараларына тарту жұмыстарының күшеюі әсер еткен.

Осы бағытта «Қайта бастау» жобасының да маңызы зор. Ақпан айында Бұқар жырау және Осакаров аудандарында басталған жоба мамыр айынан бастап, облыстың барлық өңірінде жүзеге асырыла бастады. Оның негізгі мақсаты – несиелік берешегі 90 күннен асқан азаматтардың қаржылық жағдайын реттеп, қалыпты өмірге қайта оралуына мүмкіндік жасау.

Жобаға 480 адам тартылып, олардың барлығымен бірлескен іс-қимыл туралы келісім жасалды. Мансап орталықтарының көмегімен 382 адам жұмыспен қамтылды, оның 245-і тұрақты жұмысқа орналасты. Қалған қатысушылардың мәселесі де жеке қарастырылды: 17 адам несиеcін қайта құрылымдауға, 22 адам соттан тыс банкроттық рәсіміне, 26 адам шектеулерді алып тастауға, ал, 4 адам төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталды.

Отбасының әл-ауқаты туралы сөз болғанда, мәселенің мәні де – осында. Әлеуметтік қолдаудың түпкі мақсаты – азаматты жәрдемақыға тәуелді ету емес, қиындыққа тап болған отбасының қайтадан

тұрақты табысқа қол жеткізуіне жағдай жасау. Облыста «Қайта бастау» жобасы осы ұстанымның нақты көрінісіне айналып отыр.

Ешкімнің мүмкіндігі шектелмейді

Облыста 55 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі азамат тұрады. Биылғы сегіз айда олардың 1 060-ы жұмыспен қамтылды. Жұмыс берушілердің шығындарын өтеу арқылы мүгедектігі бар жандарға арналған 11 арнайы жұмыс орны құрылды. Бұл орындарға есту және көру қабілеті бұзылған, сондай-ақ, тірек-қимыл аппараты зақымданған азаматтар орналастырылды.

Бұл бағытта JOB COACH жобасының орны бөлек. Жоба 1 шілдеден іске қосылып, азаматтарға жұмыс іздеу кезінде, жұмысқа орналасқаннан кейін де қолдау көрсетуді көздейді. Яғни, басты назар адамның жұмысқа орналасуымен қатар, жаңа ортаға бейімделуіне аударылады.

Қарағандыдағы Тәттімбет көшесі, 709 мекенжайындағы «Арлан-Моторс» ғимаратының бірінші қабатында «Qoldau» тең мүмкіндіктер орталығы жұмыс істейді. Мұнда арнайы мамандармен қатар сурдоаудармашы мен психолог қызмет көрсетеді. Көру және тірек-қимыл аппараты бұзылған азаматтарға арналған арнайы компьютерлік жұмыс орындары да жабдықталған.

Орталыққа осы уақытқа дейін 110 адам жүгінген. Ал, JOB COACH жобасы аясында облыста 21 мүгедектігі бар азамат жұмысқа орналастырылды.

Қолдау жұмыспен қамтумен ғана шектелмейді. 2021 жылдан бері мүгедектігі бар азаматтар техникалық оңалту құралдары мен қажетті қызметтерді «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы алады. Бүгінде портал арқылы 23 мыңнан астам тапсырыс рәсімделген.



Сонымен қатар, аймақта 201 автотөлікпен «Инватакси» қызметі көрсетіледі. Оның 15-і арнайы көтергіш құрылғылармен жабдықталған. Бұл қызметті 2 521-ден астам адам пайдаланып отыр. Ал, Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалалары мен Абай ауданында мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік бейімделуге көмектесетін TenQoam орталықтары жұмыс істейді. Басты мақсат – мүгедектігі бар азаматтың қоғамнан шет қалмай, білім алып, еңбек етіп, қалыпты өмір сүруіне мүмкіндік жасау.

Әлеуметтік қолдаудың тағы бір маңызды бағыты – ардагерлерге құрмет көрсету. Қазір облыста 6 Ұлы Отан соғысының ардагері тұрады. Биыл Желіс күнінде олардың әрқайсысына 5 миллион теңгеден біржолғы көмек көрсетілді.

Соғыс ардагерлеріне теңестірілген азаматтар да назардан тыс қалған жоқ. 27 бұрынғы көмелетке толмаған концлагерь тұтқынына және Ленинград қоршауы кезінде еңбек еткен 10 азаматқа 200 мың теңгеден, 2 459 тыл еңбеккеріне 100 мың теңгеден, қаза тапқан немесе қайтыс болған майдангерлердің 104 жесірі мен әйеліне 50 мың теңгеден көмек берілді.

Бұдан бөлек, Чернобыль апатының салдарын жоюға қатысқан 375 адамға және басқа мемлекеттер аумағындағы соғыс қимылдарына қатысқан 1 611 ардагерге 200 мың теңгеден біржолғы төлем жасалды.

Ардагерлердің шипажайларда емделуіне де жағдай жасалған. Енді олар санаторийді өздері таңдай алады. 14 күндік емнің 305 мың теңгеге дейінгі құнын мемлекет өтейді. Биылға дейін 94 ардагер шипажайларда ем алған.

– Еңбек нарығының бүгінгі тұрақтылығына ең алдымен технологиялық өзгерістер әсер етеді. Еңбек министрлігінің болжамына, алдағы он жылда жасанды интеллектің ықпалымен 14 мамандықтың жойылып кетуі қаупі бар. 46 мамандықта қызметкерлер саны қысқаруы мүмкін. 562 мамандықтың жұмыс тәсілі өзгереді. Ал, 656 мамандыққа жасанды интеллектің ықпалы айтарлықтай тиімдейді, – деп атап өтті Ғалымжан Спабеков. Сондықтан, еңбек нарығындағы басты талаптың бірі – өзгеріске бейім болу. Қайта оқу, жаңа кәсіп менгеру, цифрлық дағдыларды жетілдіру енді қосымша мүмкіндік емес, қажеттілікке айналып келеді.

Облыстағы жұмыспен қамту мен әлеуметтік қолдау шараларының түпкі мақсаты бір арнаға тоғысқан. Тұрақты табыс табуға, өз мүмкіндігін іске асыруға және отбасының жағдайын жақсартуға жол ашу. Жыл басынан бері атқарылған жұмыстар – осы бағыттағы нақты нәтижелер.

Десе де, әлеуметтік қолдаудың нақты нәтижесі – жұмысы бар, табысы тұрақты отбасы, болашағына сеніммен қарайтын азамат. Президент тапсырмасының мәні де осында. Елдің дамуы әр отбасының тұрмысынан көрінеді. Ал, отбасының тұрақтылығы еңбек пен тұрақты табыстан басталады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Отбасы – ортақ жауапкершілік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен бірге, болашақ отбасының қаржылық қауіпсіздік қорын қалыптастыру, баспана алу, ірі сатып алулар сияқты мәселелер де ортақ жоспарға енгізілгені маңызды. Ақшаға қатысты жасырын талаптар мен күшілдер кейін үлкен жанжалға айналмас үшін, бұл тақырыпты ашық талқылау қажет.

Қайын жұрт пен жас отбасының шекарасы тақырыбын айналып өтуге болмайды. Отбасын екі адам құрады. Дегенмен, ерлі-зайыптылар бір-бірінің туыстарымен де қарым-қатынас орнатады. Сондықтан, үлкендерді құрметтеу мен жас отбасының дербестігі арасында тепе-теңдік болуы маңызды. Туыстардың ақыл-кеңесін қолдау ретінде қабылданғаны дұрыс. Алайда, ерлі-зайыптылардың ішкі мәселелеріне шамадан тыс араласу – отбасының тұрақтылығына кері әсер етуі мүмкін. Бұл жерде жас жұбайлардың ортақ шешім қабылдай білуі және өз отбасының жеке шекарасын анықтай алуы шешуі рөл атқарады.

Орталықтың психолог маманы Анастасия Хорушенко жас жұбайларға жеке кеңестік те қажет екенін айтты.

– Бір шаңырақ астында өмір сүру барлық нәрсені бірге жасау деген сөз емес. Әр адамның жеке уақыты, хоббиі, достары, қызығушылығы және ішкі әлемі бар. Оны

құрметтеу – өзара сенімнің бір көрінісі. Сондықтан, ерлі-зайыптылар бір-бірінің жеке кеңістігіне құрметпен қарап, қажет кезде өзіне уақыт бөлуіне мүмкіндік бергені жөн. Бұл алыстау емес, керісінше, сауатты қарым-қатынастың бір бөлігі. Жанжалды қалай шешу керек? Бұл да – маңызды сұрақ. Кез келген отбасында пікір қайшылығы болуы мүмкін. Маңыздысы – жанжалдың болуы емес, оны қалай шешетіні. Айқайлау, бір-бірін кінәлау, әдейі сөйлеспей қою, манипуляция жасау секілді деструктивті әрекеттер мәселені шешпейді. Жастарға жанжал кезінде бір-бірін тыңдап, мәселенің түпкі себебін түсінуге және ортақ шешім іздеуге үйрену маңызды. Отбасындағы пікірталастың мақсаты бір-бірін жеңу емес, екеуіне де қолайлы шешім табу болуы керек, – деді маман.

Отбасылық өмірдің тағы бір маңызды бөлігі – болашақты бірге жоспарлау. Баспана сатып алу, басқа қалаға немесе елге көшу, мансап жолы, бала туу және тәрбиелеу, білім беру, саяхаттау, тіпті, қартайған шақтағы өмір салтына дейін ортақ жоспардың бір бөлігі болуы мүмкін. Әр адамның жеке арманы болғанымен, ерлі-зайыптылардың ортақ мақсаты да қалыптасуы керек. Бұл отбасының бір бағытта қозғалуына мүмкіндік береді.

Отбасы – ортақ жауапкершілік. Мамандар ерлі-зайыптылардың отбасын сақтау-



дағы өз рөлін түсінуді де маңызды екенін атап өтеді. Отбасылық жауапкершілік тек бір адамның мойнында болмауы керек. Екі тарап та қарым-қатынасты сақтауға, бір-біріне құрметпен қарауға және туын-

даған мәселелерді бірге шешуге дайын болуы қажет. Бұл ретте өзара көмек көрсете білу де маңызды. Сырқаттану, жұмысынан айырылу, қаржылық қиындық немесе эмоционалдық тұрғыдан ауыр кезеңдерде серік-

тесіне қолдау көрсету – отбасының беріктігін сынайтын сәттердің бірі. Мұндай кезде ерлі-зайыптылар бір-біріне сүйеніп, ауырталықты бөлісіп, қиындыққа қарсы команда ретінде әрекет ете білуі керек.

Қарағанды қаласының отбасын қолдау орталығы осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр. Орталық базасында отбасын құруға дайындалып жатқан жас жұптарға психологиялық тұрақтылық, қаржылық және құқықтық сауаттылық бойынша тұрақты тренингтер өткізу көзделген. Өйткені, берік отбасы тек сезіммен емес, жауапкершілікпен де құрылады. Бір шаңырақтың астында өмір сүруге дайындық – үйлену тойына дайындықтан әлдеқайда маңызды. Жастардың некеге дейін бір-бірімен ашық сөйлесіп, болашаққа қатысты көзқарастарын анықтауы – көптеген мәселенің алдын алатын қадам.

Ал, қандай жағдай болса да, отбасындағы зорлық-зомбылықтың ақтауға болмайды. Әйелді ұруға, қорқытуға, күш көрсетуге жол жоқ. Отбасылық жанжал мен зорлық-зомбылықтың аражігін ажырата білу қажет. Құқықтық мемлекетте әр адамның қауіпсіздігі мен құқығын қорғайтын заң бар. Сондықтан мәселені күшпен емес, заң аясында шешу – басты қағида.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тегін тамақ, тең мүмкіндік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда Қарағанды облысындағы 413 білім беру ұйымының барлығында тамақтану ұйымдастырылған. Яғни, өңірдегі білім беру ұйымдарының ешқайсысы бұл жүйеден тыс қалған жоқ. Мектептерде балаларды сапалы әрі қауіпсіз ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тамақтану орындарының санитариялық талаптарға сәйкестігіне, ас дайындау технологиясының сақталуына және балаларға қызмет көрсету сапасына назар аударылады. Мектептегі тамақтану тек қарын тойдырумен шектелмейді. Баланың өсіп-жетілуіне қажетті тағамдық құндылықтардың қамтамасыз етілуі де маңызды. Осыған байланысты оқушылардың тамақтануы денсаулық сақтау басқармасымен бекітілген перспективалық мәзірге сәйкес ұйымдастырылады. Мәзір әзірленген кезде балалардың жас ерекшеліктері, тағамның энергетикалық және тағамдық құндылығы, тәуліктік физиологиялық қажеттіліктері ескеріледі. Күнделікті ас мәзірі бекітілген перспективалық мәзір негізінде қалыптастырылады. Тағамның құрамы мен мөлшері белгіленген санитариялық және тамақтану талаптарына сай болуы тиіс.

Ата-аналар үшін мектеп асханасындағы тағамның сапасы мен қауіпсіздігі маңызды мәселе. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында тамақтану сапасын бақылау жөніндегі комиссиялар



мен бракераждық комиссиялар жұмыс істейді. Олар ас мәзірінің сақталуын, тағамның сапасы мен мөлшерін, пайдаланылатын өнімдердің сапасын, тағам дайындау технологиясын және санитариялық талаптардың орындалуын бақылайды. Бақылау жүйесіне ата-аналар өкілдерінің де қатысуына мүмкіндік берілген. Мектеп асханаларының жұмысына қоғамдық бақылауды күшейтіп, ата-аналардың ұсыныстары мен ескертулерін ескеруге жол ашады.

Егер ата-аналар тарапынан мектептегі тамақтану сапасына қатысты шағым немесе ұсыныс түссе, шағым белгіленген тәртіппен қаралады. Қажет болған жағдайда тиісті тексеру жүргізіліп, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылданады.

– Балаларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету ас мәзіріне ғана байланысты емес. Ол үшін асханалардың материалдық-техникалық базасы да талапқа сай болуы қажет. Осы бағытта ай-

мақта білім беру нысандарының инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. 2026 жылы 217 нысанда жөндеу жұмыстары атқарылды. Оның ішінде 18 мектепте күрделі жөндеу, 124 білім беру ұйымында жөндеу жүргізілген. Жөндеу кезінде асханалардың санитариялық және техникалық жағдайын жақсартуға, инженерлік жүйелерді ретке келтіруге және оқушылар үшін қолайлы жағдай жасауға басымдық берілген. Сонымен бірге, мектеп асха-

наларын заманауи технологиялық жабдықтармен кезек-кезеңімен жарақтандыру жұмыстары жалғасуда, – деді облыстық білім басқармасының мектепке дейінгі және жалпы орта білім бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Құндыз Мұхамеджан.

Мектеп оқушысының қай жерде білім алатынына қарамастан, оның сапалы тамақтануға құқығы бірдей. Ауыл және қала мектептеріндегі оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар да ортақ. Өңірдегі барлық білім беру ұйымдарында балаларды қауіпсіз, сапалы әрі теңгерімді ыстық тамақпен қамтамасыз етуге жағдай жасалған. Ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту жұмыстары да осы міндетпен сабақтас жүргізіледі. Асханалардың санитариялық талаптарға сәйкестігі, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі және оқушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыру мәселелеріне назар аударылуда. Тегін тамақ алатын балалардың тізімін қалыптастыруда да ашықтық пен атаулылыққа мән беріледі. Бастауыш сыныптардың барлық оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылса, жоғары сыныптарда бұл қолдау әлеуметтік осал санаттарға жататын балаларға көрсетіледі. Оқушылардың тиісті санаттарға жататыны ақпараттық жүйелер арқылы расталып, білім беру ұйымдарында олардың есебі жүргізіледі. Әлеуметтік мәртебе өзгерген жағдайда мәліметтер

жаңартылады. Тегін тамақ алатын білім алушылар туралы ақпарат тіркеу және есепке алу функциялары бар ақпараттық жүйе арқылы жүргізіліп, тиісті мәліметтер «Әлеуметтік әмиян» ақпараттық жүйесіне беріледі. Мұндай цифрлық тетік тегін тамақпен қамтылатын балаларды толық есепке алуға, әлеуметтік мәртебесін дер кезінде жаңартуға және мемлекеттік қолдаудың нақты мұқтаж балаға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының білім беру саласындағы тапсырмаларының түпкі мақсаты – әр баланың сапалы білім алуына ғана емес, оның қауіпсіз әрі қолайлы ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау. Қарағанды облысындағы мектептерде тегін тамақтандыру жүйесінің бүгінгі көрсеткіштері осы бағыттағы жұмыстың нақты нәтижесін көрсетеді. 72 мыңнан астам оқушының тегін ыстық тамақпен қамтылуы, оған бөлінген қаржының бір жылда 700 млн теңгеге ұлғаюы, өңірдегі 413 білім беру ұйымының барлығында тамақтанудың ұйымдастырылуы – тапсырманың өңірде нақты іске асып жатқанын аңғартады. Ендігі міндет – тек қамту көрсеткішін сақтап қалу емес, мектептегі тамақтың сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты бақылауда ұстау, асханалардың материалдық базасын жаңарту және балалардың жас ерекшелігіне сай құнарлы тағаммен қамтамасыз ету.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Құқықты таныған тәртіпті сақтайды

Заңды білу – құқықты қорғаудың, жауапкершілікті сезінудің де берік негізі. «Қаладағы заң және тәртіп» құқықтық квестінің кезекті аялдамасы Қазыбек би ауданының прокуратурасында өтіп, «Адал еңбек» тобы құқық қорғау саласының тыныс-тіршілігімен танысты. Қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің орнығуы азаматтардың құқықтық сауатына тікелей байланысты.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдетте заң туралы түсінік көбіне оқулықтағы баптар мен құқықтық терминдер арқылы қалыптасады. Ал, мұндай кездесулер заңның адам өміріне қаншалықты жақын екенін көрсетеді. Құқықты білу – қандай да бір күрделі жағдайда ғана қажет болатын білім емес әсте. Керісінше мектепте, көшеде, интернет кеңістігінде, қоғамдық ортада күнделікті өмірдің әр сәтінде қажет мағлұмат. Квест картасындағы әр аялдама – жастар үшін заң әлеміне бастайтын жаңа бағыт. Бір жерде олар құқықтық сауатын сынаса, енді бір жерде мамандармен жүздесіп, нақты қызметтің қыр-сырына үйіледі.

Осы бағытта жастардың заңға деген құрметін қалыптастырып, олардың құқықтық білімін арттыруды көздейтін «Қаладағы заң және тәртіп» құқықтық квесті жалғасуда. «Адал еңбек» командасы танымдық экскурсиядан өтіп, келелі кездесу барысында жастар прокуратураның негізгі қызмет бағыттарымен етене танысып, құқық қорғау органдары мамандарының еңбегі туралы кеңірек



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

заң үстемдігін орнықтырудағы маңызды орны айқындала түсті.

Прокуратура өкілдері жастарға заңдылықтың сақталуын қадағалау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, қылмыстық үдерістің заңдылығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысын егжей-тегжейлі түсіндірді. Кездесу барысында құқық қорғау қызметінің тек заң бұзушылықтың алдын алумен шектелмейтініне, оның қоғамдағы әділеттілік пен заң үстемдігін қамтамасыз етудегі рөліне де назар аударылды.

Квесттің атаулы кезеңі сұрақ-жауап форматындағы мазмұнды әңгімеге де ұласты. Қатысушылар өздерін қызықтырған сауалдарын еркін қойып, құқық қорғау саласының мамандарымен ашық пікір алмасты. Әр сұраққа берілген жауап жастарға заң талаптарын жақсырақ түсініп, күнделікті өмірде құқықтық сауаттың қаншалықты маңызды екенін ұғынуға септесті.

Жастардың құқықтық сауатын арттыру – заң үстемдігін орнықтырудың маңызды алғышартының бірі. Сондықтан, осындай ашық кездесулер олардың заңды құрметтеуіне, құқықтық мәдениетін жетілдіруіне және азаматтық жауапкершілігін арттыруына ықпал етпек. Құқығын білетін әрі міндетін түсінетін азамат қана қоғамның тұрақты дамуына өз үлесін қоса алады.

Еске сала кетсек, құқықтық квест форматы жастар арасында өзінің тиімділігі мен тартымдылығын дәлелдеп келеді. Бұған дейін атаулы квест Балқаш қаласы прокуратурасының қолдауымен BALKHASH TOUR FEST фестивалі алаңында өтіп, Қарағанды қаласында «Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасы аясында ұйымдастырылған болатын. Аталған бастамаларға облыстың қала мен аудандарынан келген 14-18 жас аралығындағы 100-ден астам жас қатысып, заң саласына қатысты білімдерін толықтырып, өзара тәжірибе алмасты.

Өз құқығыңды білу – өзіңді қорғаудың алғашқы қадамы. Ал, заңды құрметтеу – әр азаматтың жауапкершілігі. Құқығымызды біліп, заңды құрметтеп, тәртіпті бірге сақтайық!

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет ұйымдастырушылардан

• **ҚҰҚЫҚ**

Жол қауіпсіздігіндегі жаңа тәсіл

Жаңа оқу жылы қарсаңында Теміртау қаласында балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік жоба жүзеге асты. Қаладағы мектептерге жақын орналасқан жаяу жүргіншілер өткелдеріне мектеп оқушылары бейнеленген 62 макет қойылды.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы Қарағанды облысының прокуратурасы мен «Qatme» АҚ-ның ынтымақтастық туралы меморандумы аясында қолға алынған.

Ерекше жол белгілері, ең алдымен, көлік жүргізушілерінің назарын жаяу жүргіншілер өткелдеріне аударуға арналған. Оқушы бейнесін көрген жүргізуші жылдамдықты алдын ала төмендетіп, жолдағы қауіпсіздік талаптарын сақтауға мән береді. Макеттер балалардың мектепке қатынайтын бағыттарына жақын жерлерге – жаяу жүргіншілер өткелдерінің маңына, жол белгілерінің жанына және көлік жолына жақын учаскелерге орналастырылған. Олардың бір бөлігі жарық шағылыстыратын элементтермен жабдықталған. Қараңғы уақытта баланың сұлбасын жүргізушілерге анық

көруге мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты – тек жүргізушілердің назарын аудару емес, жол қозғалысына қатысушылар арасында қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру. Балалардың мектепке барып-қайту жолын қауіпсіз ету – ата-анаға, мектепке, жүргізушіге және жалпы қоғамға ортақ міндет.

Бұл бастама мемлекеттік орган мен бизнестің әлеуметтік маңызы бар мәселелерді бірлесе шешуіне нақты мысал бола алады. Алдағы уақытта Қарағанды облысының прокуратурасы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық жобаларды жалғастырады.

*Сурет облыстық
прокуратураның
баспасөз қызметінен*



«Мамандыққа махаббат керек»

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің 95 жылдық тарихын фотосуретсіз елестету мүмкін емес. Басылымның әр жылындағы ел өмірі, өндіріс тынысы, кенші мен металлургтің еңбегі, ауыл тіршілігі, мәдениет пен білімдегі өзгерістер – бәрі де фототілшілердің объективті арқылы газет бетінде хатталды. Сол фотошежірені жасауға қырық жыл ғұмырын арнаған ардагер фототілші Жұмабек Иманәлиевпен сұхбаттасқан едік.

– Жұмабек аға, фотоаппаратты алғаш қолыңызға алып, фототілшілікке келген жолыңыз қалай басталды? Бұл мамандықты тандауыңызға не себеп болды?

– Фотографияға қызығушылығым алтыншы сыныпта басталды. Ағамның досы Володя Сухинин деген жігіттің үйінде алғаш рет фотоаппарат көрдім. Оның «Смена-8» деген фотоаппараты болатын. Сол фотоаппараттың өзі маған ерекше әсер етті. Әсіресе, қабының иісі әлі есімде. Сол иістің өзі мені магниттей тартатын. Ол кезде фотоаппарат маған басқа бір әлемнің таңғажайып дүниесіндей көрінетін. Нысанды дәлдеп, диафрагманы реттеп, түсіру жылдамдығын белгілейсің де, түймені басып, нәтижесін күтесің. Сол процестің өзі мені тұтастай баурап алды. Фотографияны арнайы бір ұстаздан үйренген жоқпын. Өз бетімше іздендім. Ол уақытта пленка, фотокағаз, анықтағыш, бекіткіш сияқты қажетті дүниелердің өзін табу оңай емес еді. Сол кездің өзінде фотографияның мен үшін жай әуестік емес екенін түсінген шығармын. Сәтті түсірілген сурет шыққанда қуанышымда шек болмайтын. Ал, сурет ойдағыдай шықпай қалса, қайтадан үйренуге кірісетінімін. Жалпы, мен суретпен өмір сүрдім десем болады.

Мектеп бітіргеннен кейін бір жыл теміржолда жұмыс істедім. Шпал ауыстырдым, қайла, күрек ұстадым. Еңбекке араласу керек болды. Бірақ, көп ұзамай бұл жұмыс маған тән емес екендігін түсіндім. Сол кезде Володя Сухинин маған Шымкенттегі фотографтар даярлайтын училищеге түсуге кеңес берді. Осылайша, 1969 жылы Шымкенттегі училищеге оқуға түстім. Бір жылдан кейін төртінші санатты фотограф атандым. Еңбек жолымды Түлкібас тұрмыстық қызмет көрсету комбинатында бастадым. Кейін Жуалы аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатында жұмыс істедім. Өмірімде тағы бір бұрылыс болды. Арууханада рентген кабинетінің лаборанты болып та қызмет істедім.

1974 жылы отбасылық жағдайға байланысты Қарағанды облысына көшіп келдім. Мұнда 1 жыл жұмыс істеген соң ауылға қайтамын деп келгенмін. Қазір 52 жыл болды осында қызмет істеп жүргеніме. Осылайша Топаркентіндегі Мичурин аудандық «За коммунистический труд» газетіне бардым. Сол жерде менің фототілшілік жолым басталды.

– «Орталық Қазақстан» га-

зетінде фототілші болып еңбек еткен жылдарыңыздың ішінде редакциядағы орта мен журналистиканың сол кездегі тынысы қандай еді?

– Топардағы аудандық газетке барған кезім әлі есімде. Газет редакторы Валентин Баландин еді. Ол маған алғашқы тапсырмамды беріп, Мичуринский совхоз-техникумына іссапарға жіберді. Ол кезде кез келген жерге барып, қалаған адамыңды бірден суретке түсіре алмайсың. Фототүсірілім жасау үшін алдымен кәсіподақ комитеті мен партия ұйымының хатшылығы арқылы келісім алу керек. Солардың рұқсатымен



Жұмабек Иманәлиевтің алғашқы фотоаппараттары

ғана қажетті адамдарды суретке түсіретінбіз. Сөйтіп, басында құлағы қайқайған қалпағы бар, сақал-мұрты өскен адамды суретке түсірдім. Редактор суретті көргенде «Бұрынғы тұтқынды қайдан тауып алдың?» деп жұмысқа жаңа орналасқан маған сөгіс беріп, бір апта жұмыстан уақытша шеттетілдім. Бұл мен үшін үлкен сабақ болды. Сол кезде кадрда тек оқиғаның мазмұны ғана емес, эстетика да маңызды екенін түсіндім. Объективтің алдына кез келген адамы қоя салу жеткіліксіз. Кейіпкер кадрға дайын болуы керек. Содан бері адамды суретке түсірмес бұрын алдымен дайындайтын болдым. Киіміне, сыртқы келбетіне қараймын. Кадрда лайықты көрінуіне мән беремін. Аудандық газетте фототілші болып жұмыс істеген үш жылым оңай болған жоқ. Бірақ, менің мінезім қайсар еді. Бір істі қолға алсам, сонына дейін жеткізуге тырысатынмын. Сол жылдары өзім де көп іздендім. Тәжірибелі әріптестердің жұмысын зерттедім. Беделді басылымдарды үзбей оқитынмын. «Труд», «Известия»,

«Правда» газеттерін, «Советское фото» журналын тұрақты қарайтынмын. Білмегенімді сұраудан ұялмадым. Әріптестерім Юрий Панов пен Артур Куаналиев те көп нәрсе үйретті. Олардан «Көп ойланып тұрудың қажеті жоқ, нақты фактіні түсір» деген кеңесті жиі еститінімін. 1977 жылдан бастап, суреттерім облыстық «Индустриальная Караганда» және «Орталық Қазақстанға» жариялана бастады. Ал, 1979 жылы «Орталық Қазақстанға» келдім. Сол кездегі бас редактор Рамазан Сағымбеков болатын. Мені газетке Рымкүл Сүлейменов шақырды. Бір күні ол маған «Орталықта» жұмыс істейсің бе?» – деді. Мен «Істеймін», – дедім. Суреттерім «Орталық Қазақстанға» шыға бастаған соң редакцияда көзге түстім. Содан кейін мені редакторға апарды. Ол кезде редактор Рамазан Сағымбеков менімен сөйлесіп, қайдан келгенімді, қанша жыл жұмыс



оқиға. Бірде Қырғызстаннан келген белгілі хирургтің алғашқы жүрек операциясын жасауына куә болдым. Бізге небәрі бес минут уақыт берілді. Тез дайындалып, сол тарихи сәтті суретке түсіру керек болды. Әрине, қорқынышты болды. Бірақ, бұл – менің жұмысым еді. Сол сәтте өзіңнің қобалжуыңды ұмытып, жауапкершілікті бірінші орынға қоясың.

– Объективіңізге елге белгілі талай тұлға түсті. Солардың ішінде адам ретінде ерекше әсер қалдырған немесе түсірген бір кадрыңыздың тарихы туралы айтып бересіз.

– Мен үшін әр адамның өз орны бар. Себебі, фототілші ретінде сен белгілі бір адамның атағына емес, сол сәттің мағынасына

кадрды алдын ала көре білу керек. Кейде көріністі белгілі бір деңгейде дайындауға тура келеді. Адамды суретке түсіргенде оның киіміне, сыртқы келбетіне, кадрда қалай көрінетініне мән беремін. Бірақ, ең маңыздысы – табиғилық. Өйткені, өмірдің өзінен алынған кадрдың орны бөлек. Фотографияда шыдам керек. Жақсы кадрға уақыт қажет. Күте білуің керек. Сәтті ұстай білуің керек. Кейде қажетті адамның, қажетті қимылдың, қажетті жарықтың келгенін күтуге тура келеді. Сондықтан, бүгінгі жастарға да айтарым осы. Олар заманауи техниканың мүмкіндігін өте жақсы меңгерген. Қазір бұрынғыдай пленка, анықтағыш, фотокағаз іздеп жүрмейсің. Техника әлдеқайда жетілді. Бірақ, композицияны біле



Кезекті түсірілім барысында

қарайсың. Жұмыс барысында көптеген адамдармен кездестім. Өндіріс адамын да, ауыл еңбеккерін де, дәрігерді де, ұстазды да, мәдениет саласының өкілдерін де түсірдім. Солардың әрқайсысының өз мінезі, өз ортасы, өз тарихы бар. Кейде бір ғана кадр адамның сол кездегі көңіл күйін, қоғамдағы орнын, атқарып жүрген жұмысын жеткізе алады. Жоғарыда айтқан жүрек операциясы да сондай есте қалған сәттердің бірі. Осындай кезде фототілші дайын болуы керек. Жарықты, ракурсты, адамның орналасуын бірден бағдарлайсың. Ең бастысы – шешуші сәтті жіберіп алмау. Кейін фототілші ретінде тек сурет түсірумен шектелмей, фото-репортаждарға мәтін де дайындай бастадым. Орыс тілінде жазған материалдарым редакциядан көп жағдайда түзетусіз-ақ баспаға кететін. Суреттерім Нұра ауданы туралы фотоальбомдарға, тың игеру кезеңіне арналған кітаптарға енді.

– Фототілші үшін жақсы кадрды ұстап қалу ғана жеткілікті ме, әлде белгілі бір оқиғаны сезіну, адамның көңіл күйін тану қабілеті болуы керек пе?

– Әрине, тек фотоаппаратты ұстап, түймені басу жеткіліксіз. Фототілші оқиғаның ішіне кіруі керек. Айналада не болып жатқанын сезінуі қажет. Мен өз тәжірибемде бір нәрсені түсіндім кейде жақсы

бермейтіндері бар. Жастар қажетті жерге тез жетеді, тез түсіреді. Алайда, оларға кейде шыдам жетіспейді. Фотографияда сабыр керек, табандылық керек, ізденіс керек. Ең бастысы, мамандыққа деген махаббат қажет. Осылар бол-маса, фотографияда жақсы нәтиже шығару қиын.

– Сіздің архивіңізде Қарағандының бірнеше онжылдығын қамтитын мыңдаған фотосурет бар. Бүгін сол суреттерге қайта қарағанда, өзіңіз куә болған дәуірдің қандай өзгерістерін көресіз?

– Жылдар өте келе, көп өзгерісті байқайсың. Ең алдымен, техниканың өзгеруі оны көрінеді. Бұрын пленка болды. Оны үнемдеп пайдаланатынбыз. Суретті түсіргеннен кейін оны шығару үшін арнайы жағдай қажет. Түнде отырып, қызыл шамның жарығымен фотозертханада жұмыс істейтінбіз. Қазір бәрі басқаша. Пленканың орнын цифрлық формат басты. Анықтағыш орнын компьютер. Бір кадрды түсіріп, нәтижесін сол мезетте көре аласың. Бірақ, техника өзгергенмен, фотографияның негізгі мәні өзгерген жоқ. Адамның өмірін, көңіл күйін, еңбегін, қоғамдағы өзгерісті дәл сол калпында ұстап қалу – бұрын да негізгі міндет еді, қазір де солай. Менің түсір-



ген суреттерімнің арасында Нұра ауданына, тың игеру кезеңіне қатысты кадрлар бар. Бірқатары фотоальбомдар мен кітаптарға енді. Кейін республикалық деңгейдегі басылымдарға да шықты. «Егемен Қазақстан», «Казакхстанская правда», «Лениншіл жас», «Қазақстан әйелдері», «Ленинская смена», «Ленин кичи» корей тіліндегі, «Фройндиншфт» неміс тіліндегі басылымдарда жарияланды.

Осы суреттерге бүгін қайта қарағанда, мен өзім куә болған дәуірді көремін. Бір кездері қасымда жүрген адамдарды, еңбек ұжымдарын, өндіріс орындарын, ауылдарды, сол кездегі қаланы еске аламын.

– 76 жасқа келген шағыңызда жүріп өткен жолыңызға көз салсаңыз, фототілшілік сіздің өміріңізге не берді? «Орталық Қазақстанға» қалдырған ең үлкен мұраңыз деп нені айтар едіңіз?

– Фототілшілік маған, ең алдымен, өмірді көруге үйретті. Адамды сырттай ғана емес, оның еңбегімен, көңіл күйімен, тіршілігімен тануға мүмкіндік берді. Мен бұл мамандықта ондаған жыл еңбек еттім. 1974 жылы Қарағанды облысына келіп, Топардағы аудандық газетте жұмыс істедім. 1979 жылы «Орталық Қазақстанға» келіп, 35 жыл үздіксіз еңбек еттім. 2014 жылдың мамыр айында зейнетке шықтым. Еңбегім ескерусіз қалған жоқ. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Журналистер одағының грамоталары және ди-



«Костенко» шахтасының кеншілері

Сұхбаттасқан
Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

Туризмді түлеткен шаһар

Приозерск қаласы бүгінде өзінің туристік әлеуетін тиімді пайдалануға бет бұрып, экономиканы әртараптандырудың маңызды бағыты ретінде туризм саласын дамытуға айрықша мән беріп отыр. Табиғи ерекшелігі, жағажай туризмін дамытуға қолайлы мүмкіндігі, ішкі туризмге сұраныстың артуы және кәсіпкерлік бастамалардың көбеюі қаланың туристік бағыттағы жаңа келбетін қалыптастыруда. Мемлекет басшысының кәсіпкерлікті дамыту, өңірлердің әлеуетін тиімді пайдалану, халықтың әл-ауқатын арттыру және туризм саласын дамыту жөніндегі тапсырмалары бүгінде Приозерск қаласында нақты істермен сабақтастып отыр.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлік – қаланың әлеуеті

Қаланың экономикалық тынысын кәсіпкерліксіз елестету мүмкін емес. Бүгінде Приозерск қаласында 817 кәсіпкер тіркелген. Бұл – тұрғындардың жеке бастамасына сүйеніп, өз ісін ашуға деген ұмтылысының бар екенін көрсететін маңызды көрсеткіш. Мемлекет тарапынан ұсынылып отырған қолдау тетіктері де кәсіпкерлікке серпін береді. Соның ішінде «Өрлеу», «Іскер аймақ», «Ауыл аманаты» бағдарламалары жергілікті тұрғындардың кәсіп бастауына, жұмыс істеп тұрған кәсібін кеңейтуіне мүмкіндік беріп отыр. Кәсіпкерліктің дамуы әсіресе туризм саласында айқын байқалады. Себебі, турист келген жерде оған қонақүй, тамақтану орны, көлік қызметі, демалыс пен ойын-сауық, сауда және басқа да қызметтер қажет. Демек, бір туристің келуі бірнеше кәсіпкерге жұмыс береді. Сондықтан, Приозерск үшін туризмді дамыту – көл жағасына демалушыларды көптеп тарту ғана емес, тұтас қаланың экономикалық белсенділігін арттырудың тетігі.

Осы бағытта биыл екі туристік нысан ашылды. Жаңа нысандардың іске қосылуы қаланың туристік картасын толықтырып, демалушыларға ұсынылатын қызмет түрлерін көбейте түсті.

Қаланың кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Серік Нахановтың айтуынша, кәсіпкерлік пен туризмді қатар дамыту – шағын қаланың эконо-

мыс істейді. Олардың жалпы нөмірлік қоры 161 бірлікті, ал, сыйымдылығы 438 төсек-орынды құрайды. Қонақүйлермен бірге хостелдер мен шағын қонақүйлер де қызмет көрсетеді. Бұған қоса, тұрғын үйді жалға беру саласында еңбек етіп жүрген жеке кәсіпкерлер бар. Қаладағы жалға берілетін пәтерлердің жалпы саны 74 бірлікке жетеді. Олардың арасында бір, екі, үш және төрт бөлмелі пәтерлер бар. Яғни, Приозерск бүгінгі таңда туристерді қабылдайтын инфрақұрылымын біртіндеп қалыптастырып үлгерді. Ал, алдағы жылдары жаңа қонақүй кешендері мен демалыс орындарының іске қосылуы бұл мүмкіндікті одан әрі кеңейтпек. Туристік нысандардың қолжетімділігі де назардан тыс қалмаған. Оларға жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары арқылы жетуге болады. Автотұрақ аймағы туристік нысаннан 300 метр қашықтықта орналасқан. Сонымен қатар, мүтедектігі бар адамдарға арналған арнайы автотұрақ орындары жабдықталған. Бұл – туристік инфрақұрылымның тек санын көбейту емес, оның қолжетімділігі мен қолайлылығына да мән беріліп отырғанын аңғартады.

«Шағала» жағажайы шақырады

Приозерскінің туризмдесе, ойға бірінші оралатын нысанының бірі – «Шағала» коммуналдық жағажайы. Жаз келгенде көл жағасы жанданып, қала тұрғындары мен алыстан аттерлетіп келген демалушылардың қарасы көбейеді. Балқаштың мөлдір суы мен жағалаудың кең тыны-



жүргізілген. Жағалау бойына орындықтар мен коқыс жәшіктері қойылған. Балалардың көңілді уақыт өткізуіне, жастар мен ересектердің спортпен айналысуына мүмкіндік беретін спорттық және ойын алаңдары жабдықталған. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл өзгерістердің барлығы жағажайдың келбетін жаңартып, оны толыққанды демалыс орнына айналдыруға бағытталған.

Жайлы әрі қауіпсіз демалыс

Туризмнің сәнін келтіретін нысан көп болғанымен, қауіпсіздік қамтамасыз етілмейінше оның тартымдылығы толық болмайды. Осыны ескере отырып, «Шағала» жағажайында демалушыларға қажетті санитариялық-гигиеналық жағдай жасау бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылған. Атап айтқанда, 1 модульдік контейнер, 1 санитариялық-гигиеналық торап, 2 киім ауыстыратын кабина, 1 душ кабинасы және қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 4 контейнер орнатылған. Жағажай аумағында құтқарушылардың, медицина қызметкерлерінің және құқық қорғау органдары өкілдерінің кезекшілігін ұйымдастыру үшін арнайы модульдік контейнер орналастырылған. Және 1 маусымынан бастап, тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған. Жауапты мамандар демалушылар-

дың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, төтенше жағдайлардың алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Қандай да бір жағдай орын алған кезде жедел ден қою да жолға қойылған.

Жағажайда алғашқы медици-

туризм бір саланы ғана емес, кәсіпкерліктің бірнеше бағытын қатар дамытады. Биылғы жылы Приозерск қаласының Бас жоспары бекітілген. Аталған құжатқа сәйкес, туристік саланы дамыту үшін 60,0 гектар ау-



налық көмек көрсету пункті жұмыс істейді. Ал, құтқару қызметтері қажетті жабдықтармен және арнайы құтқару құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Бұл шаралардың барлығы бір ғана мақсатқа – Балқаш жағалауындағы демалысты қауіпсіз әрі жайлы етуге бағытталған.

Кәсіпке – қолдау, туризмге – серпін

Туризм саласының дамуы кәсіпкерлердің белсенділігімен тікелей байланысты. Осыны ескерген қалада кәсіпкерлердің демалыспен ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуіне жағдай жасалған. Бұл бағыттағы әрбір жаңа бастама қала үшін маңызды. Себебі, демалыс орны көбейген сайын туристің қалада аялдау уақыты да ұлғаяды. Ал, туристің ұзақ аялдауы – қонақүйге, тамақтану орындарына, ойын-сауықпен басқа да қызметтерге деген сұраныстың артуы. Осылайша,

мақ қарастырылған. Бұл аумақ алдағы уақытта жаңа туристік нысандарды орналастыруға, демалыс аймақтарын қалыптастыруға және туристік инфрақұрылымды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мамандардың мәлімдеуінше, қазіргі таңда әлеуетті инвесторлармен жұмыс жүргізілуде. Оларға өңірдің туристік мүмкіндіктері таныстырылып, бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктері қарастырылуда. Жоспар аукымды. 2026-2028 жылдарға туристік бағыттағы бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру көзделген. Олардың қатарында қонақүй кешендері, демалыс аймақтары және жол бойындағы сервистік нысандар бар.

Жаңа нысандар бой көтеруде

Қазірдің өзінде Приозерск аумағында бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру басталған. Жеке кәсіпкер «Сағатов» қонақүй ке-

шенінің құрылысын, жеке кәсіпкер «Григорьева» қонақүй құрылысын, ал, жеке кәсіпкер «Еңсетбай» демалыс аймағының құрылысын жүргізуде. Бұл нысандардың іске қосылуы туристерді орналастыру мүмкіндігін арттырып, қаладағы қызмет көрсету саласының дамуына жаңа серпін бермек. Ал, «Қайсар» ЖШС автомобиль жолының бойында қонақүй құрылысын жүргізіп жатыр. Жол бойындағы мұндай сервистік нысандардың маңызы ерекше. Өйткені, қалаға келген немесе қала



АЙТЫЛДЫ –
ОРЫНДАЛДЫ



микалық мүмкіндігін кеңейтудің маңызды жолы.

– Президент тапсырмасына сәйкес, кәсіпкерлікті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және өңірлердің туристік әлеуетін тиімді пайдалану бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Туризм саласында жаңа нысандардың ашылуы мен инвестициялық жобалардың жүзеге асуы кәсіпкерлік белсенділікті арттырып, қала экономикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді», – дейді Серік Наханов.

Туристік инфрақұрылым қалыптасуда

Қалаға келген қонақтың ең алдымен іздейтіні – жайлы баспана. Бұл бағытта да Приозерскіде жағдай жыл сайын жақсарып келеді. Қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Алтаевтың мәлімдеуінше, қазір қала аумағында 11 қонақүй жү-

сы адамға ерекше әсер сыйлайды. Сондықтан, жағажайдың жағдайы мен қауіпсіздігі қала үшін қашанда маңызды мәселе. Биыл жылдың басынан бастап, туристік нысандарды паспорттау жұмыстары жүргізілген. Соның нәтижесінде Приозерск қаласының «Шағала» коммуналдық жағажайының паспорты бекітілген үлгілік талаптарға толық сәйкес рәсімделген. Жағажай аумағын күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстар мердігер ұйымға бекітілген. Жазғы туристік маусымға дайындық барысында жағажай аумағын кеңейту және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мұндағы басты мақсат – көл жағасына келген әрбір демалушының уақытын жайлы әрі қауіпсіз өткізуіне жағдай жасау.

Абаттандыру кезінде көшелерді жарықтандыру жұмыстары жүзеге асырылған. Жаяу жүргіншілер жолдарына брусчатка төселіп, автотұрақ аймағына асфальт-бетон жабындысы



арқылы өтетін турист үшін жол бойындағы қонақүй, тамақтану және демалыс қызметтері қажет. Жоба іске қосылған кезде жаңа жұмыс орындарының ашылуына да мүмкіндік туады. Тағы бір жоба – жеке кәсіпкер «Тажибаевтың» демалыс аймағын салу бастамасы. Жоба аясында «Тюльпан» жағажайы ауданында ауданы 2,0 гектар жер учаскесін бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы жобалардың барлығы Приозерскінің туристік әлеуетін кезек-кезеңімен ашуға бағытталған.

– Қаланың туристік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары мұнымен тоқтап қалмайды. Ағымдағы жылы қалалық жағажайды абаттандыру бойынша мемлекеттік сатып алулар конкурсы жарияланды. Жобаны іске асыру екі жылға есептелген.

Туристік нысандарды дамыту олардың жай-күйін тұрақты бақылауда ұстауды да талап етеді. Қарағанды облысының әкімі тапсырмасына сәйкес туризмді дамыту жөніндегі мобильді топ құрылды. Мобильді топтың міндеті ауқымды. Ол туристік инфрақұрылымның жай-күйіне мониторинг жүргізіп, санитариялық жағдайдың сақталуын, қоғамдық тәртіптің қамтамасыз етілуін бақылауға алады. Сонымен қатар, өңірдің туристік әлеуетін ілгерілету бағытында да жұмыс жүргізеді, – дейді Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы міндетін атқарушы Серік Наханов.

Айта кетейік, Приозерск туризмді қаланың жаңа даму бағытына айналдырып келеді. Кәсіпкерлікке қолдау, жаңа жобалар мен жаңарған инфрақұрылым – соның айқын дәлелі. Басты мақсат – Балқаш жағасындағы қаланы тартымды туристік мекенге айналдыру.

ПРИОЗЕРСК

Суреттерді түсірген
Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Көп оқыған озады

Кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыратын маңызды құрал. Осы мақсатта Қазақстанда алғаш рет ұйымдастырылып отырған «Кітап оқитын ұлт» республикалық марафонына қатысу үшін тіркеу басталды. Жобаға алғашқы күндердің өзінде 150 мыңға жуық адам қосылған. Жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2026 жылғы 16 мамырдағы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.



Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Марафон 2026 жылғы қыркүйектен 2027 жылғы сәуірге дейін қазақ және орыс тілдеріндегі екі тілдік лигада өтеді. Қатысушылардың жас ерекшелігі мен әлеуметтік мәртебесіне қарай жоба жеті бағытты қамтиды.

Олардың қатарында 6-10 сынып оқушыларына арналған «Кітап оқитын мектеп», колледж студенттеріне арналған «Кітап оқитын колледж», жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Кітап оқитын университет», мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған «Кітап

оқитын педагог» бағыттары бар.

Сондай-ақ, отбасылық командалар «Кітап оқитын әулет» бағыты бойынша бақ сынайды. Мемлекеттік қызметшілерге «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші», ал, жасына және қызмет саласына шектеу қойылмайтын барлық ниет білдірушілерге «Кітап оқитын зиялы» бағыты ұсынылады.

Марафонға қатысушылар өз бағыты бойынша 15 кітап оқуы керек. Ол үшін арнайы жасакталған кітап қорына 330 шығарма енгізілген. Оның тең жартысы – қазақ тілінде, қалғаны – орыс тілінде. Тізімнен отандық қаламгерлердің еңбектерімен қатар, әлем әдебиетінің классикалық туындылары мен заманауи шығармаларын кездестіруге болады.

• ТЕАТР

Жаңа маусым, жаңа мазмұн

Қарағандыдағы С.Сейфуллин және К.Станиславский атындағы театрлар жаңа маусымын бастайды. Театр ұжымдары көрерменге классикалық драматургия мен заманауи сахналық шешімдерге негізделген жаңа қойылымдарын ұсынады.

Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры биыл 95-маусымын ашады. Мерейтойлық маусымның алғашқы сахнасы Мұхтар Әуезо-

втің «Қарагөз» трагедиясымен түрлімек. Қойылымның премьерасы 10 қыркүйекте өтеді.

К.Станиславский атындағы орыс драма театры 96-маусымын «Пигмалион Хаус» трагикомедиясының премьерасымен ашып, қойылымды 12 және 13 қыркүйекте көрермен назарына ұсынады.

Жаңа спектакльді қою үшін театр Қырғызстаннан режиссерлер Вячеслав Витих пен Максим Лисовскийді шақырған. Қарағандылық көрермен режиссерлерді бұған дейін «Гольдони ханымдары» спектаклі арқылы таныған.

«Пигмалион Хаус» спектаклінің келесі

көрсетілімі 27 қыркүйекке жоспарланған.

Сонымен қатар, қазан айында К.Станиславский атындағы театр ұжымы гастрольдік сапармен Өскемен қаласына аттанады. 9-11 қазан аралығында қарағандылық өнерпаздар Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театрының сахнасында балалар мен ересектерге арналған спектакльдерін көрсетеді. Гастрольдік бағдарламаға «Пигмалион Хаус» премьерасы да енгізілген.

Осылайша, Қарағанды театрлары жаңа маусымды классикалық шығарма мен жаңа сахналық туындыларды қатар ұсынудан бастамақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Арқадан – Азия аламанына



19 қыркүйекте Жапонияның Айти префектурасы мен Нагоя қаласында XX жазғы Азия ойындарының алауы тұтанады. 4 қазанға дейін жалғасатын дүбірлі долада Азия құрлығының үздік спортшылары бас қосып, спорттың 43 түрінен 469 медальдар жиынтығын сарапқа салады.

Аида РАХЫМҚҮЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан құрамасы сапында 560-қа жуық спортшы өнер көрсетеді. Олардың қатарында Қарағанды облысының 41 спортшысы бар. Сарыарқадан аттанған жерлестеріміз спорттың 17 түрінен ел намысын қорғап, Азияның басты додасында жүлдеге таласады.

Қарағандылық спортшылар арасында



тәжірибелі әрі халықаралық жарыстарда ел қоржынына жүлде салған спортшылар да бар. Әйелдер күресінен Эльмира Сыздықова, бокстан Аида Әбікеева мен Сабыржан Аққалыков бақ сынайды.

Әртістік жүзуде облыс намысын Наргиза Болатова, Даяна Джамчанова, Ясмин Тұяқова, Ксения Макарова, Карина Магрупова және Виктор Друзин коргаса, семсерлесуден Артем Саркисян мен Анастасия Гулик сыңға түседі. Жүзуден Ксения Игнатова жарыс жолына шығады.

Велоспортта Кирилл Курдиди, Илья Карабутов және Максим Хорошавин,

ауыр атлетикадан Любовь Ковальчук пен Екатерина Алякина бақ сынаса, батут гимнастикасында Ерлан Тасмағамбетов, спорттық гимнастикада Дарья Ясинская өнер көрсетеді.

Жеңіл атлетикадан Қарағанды облысының сапында Давид Ефремов, Мария Ефремова, Вячеслав Земс, Аделина Земс, Алина Чистякова, Анна Шумило, Кристина Овчинникова және Милана Зубарева бар.

Ескек есуден Варвара Белоногова, Тамара Первушкина, Алексей Красновский және Афина Белоногова, үстел теннисінен Алина Құрманғалиев, Зәуреш Акаше-

ва, Жанерке Қошқумбаева және Альбина Жақсылықова ел намысын қорғайды.

Байдарка мен каноэде есу бойынша Денис Кленин мен Дмитрий Холмогоров, дзюдодан Аида Тойшыбекова, гандболдан Рустам Андрусак, джиу-джитсудан Ажар Салықова жарысқа қатысады.

Биылғы Азия ойындарының ерекшелігі де аз емес. Құрлықтық дода бағдарламасына алғаш рет аралас жекпе-жек өнері – ММА енгізіліп отыр. Тарихи дебютте ел құрамасы сапында Қарағанды облысының атынан Санжар Әділов өнер көрсетеді.

Ұйымдастырушылар XX Азия ойын-

дарының ұраны ретінде «Imagine One Asia» – «Біртұтас Азияны елестет» деген сөз тіркесін таңдаған. Ұран спортты ғана емес, құрлық халқын ортақ құндылықтар, мәдениет, достық пен өзара құрмет арқылы біріктіру идеясын білдіреді.

Қарағанды облысының 41 спортшысы үшін бұл бәсеке шеберлікті сыңға салып қана қоймай, ел мерейін үстем етудің маңызды мүмкіндігі. Жерлестеріміздің әрбір жеңісі облыстың спорттағы әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдемеқ.

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• АСЫҚ АТУ

Көздегені мүлт кетпеді

Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласында жасөспірімдер мен ересектер арасында асық ату мен бес асықтан өткен «Ұлы Дала Рухы» облыстық ашық турнирі өз мәресіне жетті. Үш күнге созылған додаға еліміздің 11 өңірінен 200-ге жуық спортшы қатысқан. Оған облыс атынан 19 спортшы қатысып, әр санат бойынша сыңға түсті. Нәтижесінде, ересектер арасында асық атудан бақ сынаған Ержан Солтан чемпион атанды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа ересектер арасында 128 спортшы өтінім берсе, бес асықтан – 6, жасөспірімдер арасында асық атудан 15 команда тіркелген. Бес асық пен жасөспірімдер арасындағы асық ату бәсекесі айналма жүйе бойынша өтті. Әр топтан үздік нәтиже көрсеткен екі командаға келесі кезеңге жолдама берілген. Ал, ересектер арасындағы асық ату сайысы тартысты өтті. Бұл санатта ел чемпиондары, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпаздары, Әлем кубогының жүлдегерлері мен Азия чемпиондары бақ сынады. Бұл санаттағы бәсеке 128 спортшыға арналған тор жүйесі бойынша ұйымдастырылған. Жерлесіміз Ержан Солтан жарысты оңай бастаған жоқ. Турнирдің алғашқы күнінде Павлодар облысының спортшысы, Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жеңімпазы Қайрат Ахановпен кездесіп, қарсыласына есе жіберіпті.

– Бірінші кездесуде жеңіліп қалғаннан кейін жарыстың қалған кезеңіне бар күш-жігерімді жұмсадым. Ойын ережесіне сәйкес, турнирде 128 қатысушы болуы керек еді. Алайда, маған қарсылас болмағандықтан, екінші және үшінші кездесулерді өткізбедім. Төртінші және бесінші кездесулерде жеңіске жеттім. Жарыстың екінші күні

32 қатысушы іріктеліп қалды. Осы кезеңнен бастап, бір рет жеңілген спортшы жарыс жолынан шығып отырды. Сол күні тағы бес кездесу өткізіп, бесесуін де жеңіп, жартылай финалға жолдама алдым.

Турнирдің үшінші күні, яғни, жартылай финалда елордалық спортшы Токтар Студентұлымен кездестім. Алғашқы екі айналым тең есеппен аяқталды. Шешуші кезеңде қарсыласымнан жеңіліп жаттым. Дегенмен, ойынның аяқталуына бір минут қалғанда есепті теңестіріп, «Ұшатыс» әдісі бойынша жеңіске жетуге мүмкіндік алдым. Осы сәтті тиімді пайдаланып, қарсыласымды жеңіп, финалға шықтым. Ал, астық сында әктебелік спортшымен ойнап, ол қарсыласыммен де тең түстім. Десе де, соңғы айналымда бір асық айырмасымен басым түсіп, турнир чемпионы атандым, – деді Ержан Азайтұлы.

Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, үздіктерге арнайы марапаттар табысталды. Сонымен қатар, жарыста ерекше көзге түскен спортшылар бірнеше аталым бойынша арнайы номинациялармен марапатталды.

Сурет жеңімпаздың жеке мұрағатынан